



САРЬІЛАРІКА

28 қаңтар, бейсенбі
2010 жыл

САМАЛЫ



№ 9
(14499)

ГАЗЕТ 1929 ЖЫЛҒЫ 15 АҚПАННАН ШЫҒАДЫ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ



Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты

МАҚСАТЫМЫЗ - ЕЛІН СҮЙЕТІН, ТАРИХЫН ЖЕТІК БІЛЕТІН ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ

Тарих, экономика және құқық факультеті – Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының табысты жұмыс атқарып жатқан факультеттерінің бірі. Аталмыш факультет бастамасымен Б.Ә.Қуатовты еске алуға арналған алғашқы аймақтық ғылыми-практикалық конференция ойдағыдай өтті. Осы жөнінде, жалпы факультет тынысы жайында білу үшін факультет деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қайырболат Жакенұлы Нұрбаевты әңгімеге тартқан болатынбыз.

- Тарих, экономика және құқық факультетінің институттағы орны мен қызметі туралы біраз баяндап берсеңіз.

Тарих, экономика және құқық факультетінің Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтындағы орны ерекше. Өйткені бүгінгі күні жалпы Қазақстан қоғамындағы және білім саласында Отан тарихының орны мен маңызы өте жоғары. Мектеп оқушыларының тарих пәні сабақтарында ең алдымен отансүйгіштікке, патриоттық рухта тәрбиелеу, олардың тарихи және ұлттық сана-сезімін ояту ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстан қоғамы, жоғары және орта мектептің алдында тұрған негізгі өзекті мәселе - бұл ұлттық идеологияны қалыптастыру және осы міндетті жүзеге асыру үшін тарихтың, Отан тарихының орны ерекше. Осыған сәйкес студент-тарихшылар ертеңгі мектеп оқушыларын тиісті деңгейде даярлау үшін Тарих, экономика және құқық факультетінің маңызы жоғары. Біздің факультетімізде тарих, экономика, құқық, музыкалық білім

бойынша жақсы білім беретін мұғалімдер өте қажет. Тарих, экономика және құқық факультетінің қызметіне келер болсақ, ол негізінен институттағы өзге факультеттердегі сияқты үш бағыт бойынша жүргізіледі: студенттердің оқу үрдісі, ғылыми зерттеу жұмысы және тәрбие жұмысы. Студенттердің оқу жоспары бойынша олар дәріс, тәжірибе және өзіндік жұмыстары бойынша білім алады. Факультетте студенттерге ғылым докторлары, кандидаттар, аға оқытушылар және басқа да білікті мамандар сабақ береді.

Жалпы факультетте мемлекеттік грант бойынша оқитын студенттердің үлесі - 200, әкім гранты бойынша оқитын студенттердің саны - 32. Мысалы, МТ-31 тобында оқитын студент Шұғанов Жанат жақында Тасболат Қасенұлы Шаяхметов атындағы стипендияның иегері атанды.

Факультет студенттері институттың ғылыми зерттеу жұмысына да белсенді араласады. Мәселен, тарих топтарында оқитын студенттер археология үйірмесіне қатысып, ғылыми жетекшісімен бірге



факультеттің, жалпы институттың дамуына қатысты өзіңіздің қандай жаңа жобаларыңыз бен жаңалықтарыңыз бар?

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтына осы оқу жылының басынан бастап келдім. Оған дейін С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Отан тарихы кафедрасының меңгерушісі, Х.Арғынбаев атындағы ғылыми орталықтың директоры қызметтерін атқардым.

Институтқа келгені бері біз жаңа жобалардың бірі ретінде кезінде Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының Тарих кафедрасының меңгерушісі, ғылыми жұмыстар проректоры болған Б.Ә.Қуатовтың 70 жылдығына арналған еске алу аймақтық ғылыми-практикалық конференцияны өткіздік. Бұл конференцияға факультеттің оқушылары ғана емес, сонымен қатар факультеттің студенттері де және мектеп оқушылары да қатысты. Олар секциялар бойынша жүргізілетін конференцияға өз мақалаларын

мектеп оқушыларын конференцияға қатыстыру арқылы факультет пен мектептердің арасындағы байланыстарды орнатуды жоспарлап отырмыз.

Екінші факультеттегі маңызды мәселе оқытушылардың ғылыми деңгейін, жалпы факультеттегі ғылым докторлары мен кандидаттардың санын көбейту болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда жақында Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің жанында ашылған докторлық диссертацияның мүшесі ретінде «Тарих» мамандығы бойынша ғылым кандидаттары мен докторлары диссертацияларын қорғауларына үлес қосуымды жоспарлап отырмын. Факультеттегі Экономика, құқық, философия, Музыка және әдістеме кафедралары Ресейдегі Барнаул қаласындағы Алтай мемлекеттік университетімен тығыз байланыс орнатты. Мәселен, Музыка теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы Мерғалиев Данияр 2009 жылы жаңағы аталмыш университеттің диссертациялық кеңесінде өнертану кандидаты мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Сондай-ақ, Экономика, құқық және философия кафедрасының аға оқытушысы Бейсембаев Асхат 2010 жылы жоғарыда айтылған университеттің диссертациялық кеңесінде әлеуметтік мамандық бойынша кандидаттық диссертациясын қорғамақшы.

- Қазіргі уақытта барлық студенттерді толғандырып отырған мәселенің бірі - жұмысқа орналасу. Осы факультетті бітірген студенттер қандай орындарда қызмет ете алады. Бұл біздің жоғары оқу орнымызға түскісі келетін болашақ түлектер үшін де қызықты болар еді деп ойлаймын.

Студенттерді жұмыспен қамтамасыз ету институт бойынша бекітілген жоспар негізінде атқарылады. Факультеттің түлектері орта білім, орта арнайы білім беретін оқу орындарына, мемлекеттік білім саласын басқару ұйымдарына, мемлекеттік өзін-өзі басқару ұйымдарына жұмысқа орналасуға құқықтары бар. Сондай-ақ, құқық мамандығы бойынша институтты бітірген студенттер жеке заң саласын да жүргізе алады.

- Әңгімеңізге рахмет. Сіздің факультетіңіздің ұжымына мол табыс

мамандықтары бойынша студенттер білім алуда. Қазіргі нарық заманына байланысты әрбір студент, оқушы, жалпы өскелең ұрпақ экономика, құқық саласының заңдылықтарын білулері абзал. Осы тұрғыдан алғанда да экономика мен құқық мамандықтарының маңызы жоғары. Бүгінде музыкалық білім мамандары жалпы облыс көлемінде тапшы. Осыған байланысты орта білім беретін мектепте оқушыларға қазақтың ән өнері

(Н.Смағұлов) облыс және республика көлемінде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Мысалы, жуық арада олар Алматы қаласында өткен республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысты. Сондай-ақ Алматы облысында жаз айларында жүргізілген археологиялық ғылыми жұмыстарына да белсене араласты.

- Сіз осы факультетке декан ретінде жаңадан орналасып жатырсыз. Сіздің

тапсырған. Енді оны болашақта да аймақ көлемінде өткізіп тұруға жоспарымыз бар және мектеп оқушыларын, әсіресе ауылдағы

тілейміз!

А.КӨПЕЕВ.

**Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының
Тарих, экономика және құқық факультеті мынандай
мамандықтар бойынша мамандарды даярлайды:**

5B011400	Тарих
5B011500	Құқық және экономика негіздері
5B010600	Музыкалық білім

**Магистратура мен
аспирантура**

6N0114	Тарих
6N0507	Менеджмент
07.00.02	Отан тарихы